

А. Әділбаев¹, А. Елдесбай¹

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДА ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАР АРҚЫЛЫ ИСЛАМДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Онлайн платформалар арқылы исламдық білім алу мұсылмандардың рухани өміріне дендеп кіруде. Қазіргі таңда жас буынның діндарлық әлеуметтенуінде интернеттің әсер етіп жатқан ықпалы үлкен. Интернет кеңістікте ислам дініне қатысты контенттер мен сегменттер күнінен күнге көбеюде. Мақалада онлайн платформаларды ислам білім беру жүйесінде пайдалану Қазақстандағы контекстінде мысалдармен дәйектеле зерделенеді. Зерттеуде исламдық білім беретін онлайн платформалардың мән-маңызын, қарқынды даму барысы, өзіндік ерекшеліктері, форматтары, артықшылықтары мен кемшіліктері, профильді және танымал платформалар өзек болды. Тұжырымдар әлеуметтік желілерден жиналған платформалар мен материалдар негізінде жасалды. Білім алу діни құндылықтарды таратып, дәріптеп, оны қоғамға сіңіру жолында үлкен маңызға ие. Елімізде онлайн платформалар арқылы білім беру діни құндылықтарды насихаттайтын құрал ретінде кеңінен пайдалануда. Қазақстан мұсылмандарының білімін шыңдау мақсатында YouTube, Aqartu Academy, Islamic Online Academy, Nur Mubarak online academy сияқты интернет онлайн платформаларын білім беру үшін белсенді қолданып келеді. Әлеуметтік желілердегі онлайн білім беру платформалары күнен күнге көбейіп, тақырыбы мен мазмұны ауқымды әрі әртүрлі. Әлеуметтік желіні ислам біліміне қызықтыру мақсатында қолданылатын заманауи технологиялық әдіс-тәсілдер күн сайын толығып, қанат жаюда. Виртуалды кеңістіктегі исламның нақты көріністерін саралаған зерттеу теориялық және практикалық тұрғыдан құнды.

Түйін сөздер: білім, онлайн платформа, академия, ислам.

أ. أدیبیای،¹ أ. یلدسبای

جامعة نور-مبارک للثقافة الإسلامية المصرية¹

الماتی، کازاخستان

مزایا و عیوب التعلیم الإسلامی من خلال المنصات الإلكترونية فی کازاخستان

الملخص

الوقت الحاضر، یزاد تأثیر الإنترنت فی عملية التنشئة الدينية لدى الجيل الشاب. كما یزداد المحتوى والمواد المتعلقة بالإسلام فی الفضاء الرقمي يوماً بعد يوم. تتناول هذه المقالة دراسة استخدام المنصات الإلكترونية فی نظام التعلیم الإسلامی فی سباق کازاخستان مع تدعیما بالأمثلة. ویرکز البحث علی أهمية المنصات الإسلامیة

التعليمية، وسرعة تطورها، وخصائصها، وأنماطها، إضافةً إلى مزاياها وعيوبها، وكذلك المنصات المتخصصة والشائعة. تستند النتائج إلى تحليل منصات ومواد تم جمعها من شبكات التواصل الاجتماعي. إن التعليم يمثل أهمية كبيرة في نشر القيم الدينية وترسيخها في المجتمع. وفي كازاخستان، تُستخدم المنصات الإلكترونية كوسيلة فعالة في نشر القيم والمعارف الدينية. ويُستخدم كل من YouTube و Aqartu Academy و Islamic Online Academy و Nur Mubarak Online Academy بشكل نشط لتزويد المسلمين بالمعرفة الدينية. وتزداد المنصات التعليمية الإسلامية على وسائل التواصل الاجتماعي يوماً بعد يوم، وتتسع موضوعاتها ومحتوياتها بشكل ملحوظ. كما تتطور الأساليب التكنولوجية الحديثة المستخدمة لجذب الاهتمام بالتعليم الإسلامي في الفضاء الرقمي بشكل مستمر. وتُعد دراسة المظاهر الحقيقية للإسلام في العالم الافتراضي ذات قيمة نظرية وعملية مهمة.

الكلمات المفتاحية: التعليم، المنصة الإلكترونية، الأكاديمية، الإسلام.

A. Adilbay¹, A. Yeldesbay¹

¹Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture
Almaty, Kazakhstan

ADVANTAGES AND DISADVANTAGES OF ISLAMIC EDUCATION THROUGH ONLINE PLATFORMS IN KAZAKHSTAN

Abstract

The acquisition of Islamic education through online platforms has become an integral part of the spiritual life of Muslims. Today, the Internet plays a significant role in the religious socialization of the younger generation. The amount of Islamic-related content and segments in the digital space is steadily increasing. This article examines the use of online platforms in the system of Islamic education within the context of Kazakhstan, supported by concrete examples. The study analyzes the significance and distinctive features of Islamic online platforms, their dynamic development, formats, advantages and disadvantages, as well as the most prominent and specialized educational resources. The conclusions are based on the analysis of data and materials collected from social media platforms. Education plays an essential role in disseminating, promoting, and embedding religious values within society. In Kazakhstan, online platforms are widely used as an effective tool for promoting Islamic values and religious enlightenment. Among the most active and well-known online educational platforms are YouTube, Aqartu Academy, Islamic Online Academy, and Nur Mubarak Online Academy. The number of Islamic educational platforms on social networks continues to grow, with increasingly diverse topics and content. Modern technological methods and approaches used to attract interest in Islamic education are continuously evolving. This study, which analyzes the manifestations of Islam in the virtual space, holds both theoretical and practical significance.

Keywords: education, online platform, academy, Islam.

А. Әділбаев¹, А. Елдесбай¹

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак
Алматы, Казахстан

ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМЫ В СИСТЕМЕ ИСЛАМСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА: ПРЕИМУЩЕСТВА И НЕДОСТАТКИ

Аннотация

Получение исламского образования через онлайн-платформы становится неотъемлемой частью духовной жизни мусульман. В настоящее время интернет оказывает значительное влияние на религиозную социализацию молодого поколения. Количество контента и сегментов, связанных с исламом, в интернет-пространстве неуклонно растет. В статье рассматривается использование онлайн-платформ в системе исламского образования в контексте Казахстана на основе конкретных примеров. В исследовании проанализированы значение и особенности исламских онлайн-платформ, их динамичное развитие, форматы, преимущества и недостатки, а также профильные и наиболее популярные образовательные ресурсы. Выводы основаны на анализе материалов и данных, собранных из социальных сетей. Образование играет важную роль в распространении и укреплении религиозных ценностей в обществе. В Казахстане онлайн-платформы активно используются как инструмент для популяризации исламских ценностей и религиозного просвещения. Среди наиболее востребованных образовательных ресурсов можно отметить YouTube, Aqartu Academy, Islamic Online Academy, Nur Mubarak Online Academy и другие. Количество онлайн-платформ исламского образования в социальных сетях постоянно увеличивается, при этом их тематика и содержание становятся всё более разнообразными. Современные технологические методы и подходы, применяемые для привлечения интереса к исламскому образованию, непрерывно совершенствуются. Исследование, посвящённое анализу проявлений ислама в виртуальном пространстве, обладает теоретической и практической значимостью.

Ключевые слова: образование, онлайн-платформа, академия, ислам.

Кіріспе

Қазіргі таңдағы технологияның, соның ішінде ғаламтордың қарыштай дамуы ислам дін саласына орасан ықпалын тигізіп отыр. Осындай жаһандық үдерістер мен жаңалықтар исламдық білім беру әдістерін де айналып өткен жоқ. Онлайн платформалар арқылы білім алу республика мұсылмандарының рухани өміріне етене енуде. Виртуалды кеңістіктегі

исламдық білім беру платформалары сан түрлі көбеюде.

2025 жылдың қыркүйек айындағы жағдай бойынша әлемде 5,24 миллиард адам немесе әлем халқының 63,9 пайызы әлеуметтік желілерді қолданады. Ал 2024 жылы шамамен 73,8 миллион адам тек жоғары білім деңгейінде онлайн бағдарламалар бойынша білім алған. Дүниежүзі бойынша орташа есеппен сту-

денттердің 49%-ы қандай да бір түрде онлайн білім алған. Еліміздің басты қоғамдық-саяси газеті Egemen.kz хабары бойынша 2025 жыл басынан бері 181 мың азамат, оның ішінде 34,4 мыңға жуық жұмыссыз Skills Enbek кәсіптік оқыту платформасында онлайн-курстардан өткені туралы сертификаттар алған. Платформада барлығы 712,5 мың отандысымыз тіркелген, оның 213,8 мыңы – 2025 жылы тіркелді. Бұл ретте платформа жұмысының барлық кезеңінде 591,9 мың адам оқудан өтті. Nur Mubarak online academy онлайн исламдық білім беру платформасының мәліметтеріне қарағанда 2025 жылы платформадан 1000 нан аса адам білім алып, сертификат алды.

Бүгінгі таңда онлайн білім беру платформалардың адамзат өмірінде алатын орны ерекше. Шексіз ақпараттарға орай әрі жылдам жаһандық тұрғыда қолжетімділік қамтамасыз ететін желінің күллі әлем бойынша тарамдалып, түрлене түсуде. Болашақ онлайн зерттеулер курстардың дидактикалық тұжырымын, құрылымын және мотивациялық элементтерін зерттеп, кәсіпорындық ақпараттық жүйелер бойынша виртуалды оқыту үшін ең тиімді (best practice) курс моделі де жасалып жатыр [1:18 б.].

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Интернетті республикамыздың мұсылмандар қауымы мен діни бірлестіктер мүддесіне сай әр түрлі мақсатта пайдалануда. Онлайн білім беру өріс алуы мұсылмандардың білім алуға қатысты қарым-қатынасына да

өзгеріс әкелді, көптеген онлайн білім беру платформаларда жобалар мен жұмыстар іске асуда. Бұндай жаңа әдістер мен тәжірибелер мұсылман қоғамы арасында исламдық ілімдер мен білімнің таралуына айтарлықтай ықпалын тигізуде.

Әлеуметтік білім беру платформаларының қызметі аясының кеңеюі адамдар арасындағы байланысты нығайтуға септеседі, ғалымдардан білім алуға, ақпарат бөлісуге, талқыға салуға, мәлімет іздеуге, аудио және видео дәрістерді қарауға мүмкіндік тудырады.

Сандық кеңістікте діни білім алу беталыс факторы елімізде ғылыми тұрғыдан зерттелмеген. Сондықтан осы жаңа құбылысты жан-жақты зерделеу жөн. Осы кемшіліктің орнын азда болса толтыруды дйттеген мақаламызда тек исламдық онлайн білім беру мән-маңызын, ерекшеліктерін, серпіліспен даму барысын, формат пен профильдерін Қазақстан контекстінде өз алдына жеке бөліп қарастыруды көздедік. Мақалада танымал онлайн платформалардың есімдері аталып, сөз болады. Бұл тақырыпты талдаудың зәрулігі мен маңыздылығы талассыз.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақалада соңғы кезде қарқынды дамып жатқан онлайн исламдық білім беру платформаларың мән-маңызы, тәсілдер мен стратегиясын нысан еткен мақалаларды оқып пайдаландық. Зерттеуде сипаттау, шолу және жүйелі талдау әдістері қолданылды. Осы фактордың қоғамдық ой-санаға, онлайн исламдық білім беру факторына

әсерін мысалдармен дәйектеуді көз-дедік. Тұжырымдарымыз онлайн платформаларға тоқталу арқылы бағамдалады. Авторлар ғаламторда, әлеуметтік желілерден өзі жинаған материалдарға, ұстаздар мен діни қызметкерлерімен тікелей кездесіп, сұхбаттасудан алған мәліметтерге сүйенеді.

Нәтижелері және талқылама

Ислам ілімінде білім алудың орны айрықша. Құран Кәрімнің алғашқы түскен аяты «Оқы!» («Икра!») деп басталуының өзі білім ізденудің парызы амал екендігін аңғартады. Ғалымдар бұл аяттың адамзатқа берілген ең алғашқы әмір ретінде оқу мен танымға бағытталғанын ерекше атап өтеді. Алла Тағала Құранда: *«Білетіндер мен білмейтіндер тең бе?»* (Зумар сүресі, 9-аят) деп білімнің артықшылығын көрсетеді.

Хадистерде де білім ізденудің маңызы ерекше айтылған. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): *«Білім іздеу – әрбір мұсылманға парыз»* деген (Ибн Мәжа, Сүнән, 224). Яғни, исламда білім алу тек ғалымдар мен имамдарға ғана емес, әрбір мұсылманға жүктелген міндет.

Ислам ілімі тек діни біліммен шектелмейді. Дін ғұламалары ғылымды екіге бөлген: діни білім (ақида, фикһ, Құран, хадис ілімі) және дүниелік білім (медицина, астрономия, математика, т.б.). Екеуі де қоғамға пайда әкелетін болса, исламда құпталады. Имам Ғазали «Ихия улум ад-дин» атты еңбегінде: «Адамға пайдалы білім – ең қадірлі ілім» деп, қоғамға қажетті барлық ғылымды үйренудің маңызын көрсеткен.

Қазіргі заманда білім алу тек дәстүрлі медресе немесе университет қабырғасында ғана емес, сонымен қатар онлайн платформалар, әлеуметтік желілер мен электронды кітапханалар арқылы кең өріс алып отыр. Бұл – исламдағы білім алуды баршаға қолжетімді етіп, жастардың діни әрі дүниелік сауаттылығын арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Бұрын исламдық білім алу үшін шәкірттер медресеге барып, ұстаздарымен бетпе-бет дәріс тыңдауға мәжбүр болатын. Арнайы уақыт пен кеңістік талап етілетін: жұма, айт намаздарында немесе белгілі бір діни жиындарда ғана дәріс ұйымдастыру мүмкіндігі бар еді. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес діни білім беру ісі ресми тіркелген оқу орындары мен имам-молдалардың құзыретінде ғана жүзеге асатын болып шектелген [2: 2 б]. Бұл талап дәстүрлі білім беру жүйесінің құқықтық негізін қамтамасыз еткенімен, көпшілік үшін діни білім алу мүмкіндігін тарылтты.

Ал онлайн кеңістік – мұндай ресми тежеулерге қарамай, исламдық білімді еркін жеткізетін жаңа алаңға айналды. Сандық платформалар дербес оқу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді, ал мұндай дағдылар тұрақты білім берудің ең маңызды алғышарттарының бірі [3: 3 б]. Цифрлық платформалар арқылы діни дәрістерді кез келген уақытта тыңдап, оқулықтарды жүктеп алып, ұстаздармен бейнебайланысқа шығуға болады. Практикалық тұрғыдан алғанда, бұл тәсіл арзан әрі қолже-

тімді: алыс сапарға шықпай-ақ, уақытты үнемдей отырып, қашық жердегі ғалымдардан сабақ алуға мүмкіндік береді [4: 15 б.]. Цифрлық технологиялар арқылы ғалымдар онлайн пікірталастар, форумдар, тіпті конференциялар өткізіп жатады. Әсіресе, жақында ғана болған Covid-19 вирусының ушығуынан цифрлық технологияларға тәуелді болдық, оған қарамастан, оның мол мүмкіндіктерімен де таныстық, қазіргі таңда колаборациялық зерттеулер саны көбейді [5: 4 б.].

Онлайн білім берудің тағы бір артықшылығы – дүниежүзінің кез келген нүктесінде тұратын мұсылмандарға ашық әрі қолжетімді болуы.

Қазіргі таңда Қазақстандағы діндар мұсылман жамағаттың негізгі бөлігін жастар құрайды. Олар әлеуметтік желілер мен интернет ресурстарын кеңінен пайдаланатындықтан, исламдық онлайн білім беру платформалары діни сауаттылықты арттырудың негізгі арнасына айналууда.

Миллиеналдар (Ү буыны, 1980–2000 жж.) сандық технологияға бейім, ақпаратты көбіне интернеттен қабылдайды. Бұл буын дәстүрлі дәрістерді ескі әдіс ретінде көріп, онлайн дәрістерді, қысқа бейнематериалдар мен визуалды контентті көбірек тұтынады [6: 109 б.].

Z буыны (2000 жылдан кейін туғандар) «цифрлық адам» ретінде сипатталады (Schmidt, 2008: 1). Олар білімді көбінесе смартфон арқылы алып, онлайн платформаларға тәуелді. Бұл ұрпақ үшін исламдық білімді YouTube лекцияларынан, TikTok қысқа видеоларынан немесе ар-

найы мобильді қосымшалардан алу әлдеқайда қолайлы. Қазіргі жасөспірімдер компьютерлік, виртуалды әлемдегі ойындар, танысу платформалары арқылы дүниенің кез келген бөлігіндегі құрдастарымен, замандастарымен байланысқа шыға алады, тартысады, бәсекелеседі, дауласады, достасады. Дегенмен адам өзіне тән этникалық, нәсілдік, діндік бірегейлігін виртуалды әлемге де трансформациялап, «қақтығысты дауылдарды» көтеруге бейіл. Балалар кейде діни сеніміне, нәсілдік ерекшелігіне қарай достарды табуы, виртуалды ойындарда қарсылас ретінде топтасады, кейде, өзара күнделікті қарапайым санада ұлттық, нәсілдік дискриминация әдістерін қолданады [7: 8 б.].

Электронды форматтағы дәрістердің артықшылығы – оларды кез келген жерде тыңдауға болады, ұзақ уақыт сақталады, қайта көруге, бөлісуге және таратуға мүмкіндік береді. Осы ерекшеліктердің арқасында интернет қазіргі таңда исламдық білім беру құралы ретінде ең тиімді арналардың бірі болып отыр [8: 26 б.].

Қазақстандағы жағдайды ескерсек, қазақ тіліндегі контентке сұраныс жоғары. Сондықтан онлайн білім беру платформалары ең алдымен ана тіліміздегі курстар мен дәрістерді ұсынуды басты назарға алған. Бұл бағытта ҚМДБ мен жеке студиялар интернеттегі платформаларды белсенді қолданып, діни білімді кең ауқымға жеткізуде.

Еліміздегі виртуалды ортада танылған исламдық білім беру платформалар: nmacademy.kz, hakk_academy, agartu.academy, tajacademy, my_ustaz_

academy, qalam_academy, ioa_kz, nurzhan_ustaz_online, т.б.

Соңғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру деңгейіміз басқаларға ислами білім беру және өзара байланысу тәсілдеріне әсер етуде. Қазіргі таңда коммуникациялық модельдің көмегімен білім беру мазмұны бейнелер, онлайн платформалар, подкаст, Reels түрінде берілсе Y мен Z буындар арасында ұнамдылықпен таралуын жеңілдетеді. Сонымен қатар жас толқынға YouTube, Instagram және TikTok басқа медиа платформаларға карағанда тартымды [9: 39 б.].

Әлемде қолданушылар саны жағынан тек Facebook-ке жол беретін YouTube – жастар арасында ең танымал әлеуметтік желілердің бірі. Оның басты артықшылығы – бейнені көруге де, жүктеуге де ыңғайлылығы, әрі фильм қарау, музыка тыңдау, дәріс пен уағыз жүргізу үшін қолайлы платформа болып саналады. YouTube алгоритмі пайдаланушылардың көру тарихына, таңдауларына және белсенділік көрсеткіштеріне қарай бейнелерді ұсынып, діни-ағартушылық контенттің де кең таралуына мүмкіндік береді. Сондықтан қазақстандық діндар қауым мен исламтанушылар бұл алаңды уағыз-насихатпен қатар, исламдық білім беруді ұйымдастыру үшін де жиі қолданады. Сонымен бірге, заманауи видеографияның көмегімен түсірілген дәрістерді үй жағдайында үлкен экраннан көруге немесе гаджет арқылы кез келген ортада тыңдауға болады. Қазақстандық кеңістікте YouTube-та қазақ тіліндегі ислами бағыттағы жүздеген ар-

налар бар, олардың кейбірі тұрақты жұмысын жүйелі жолға қойған. Дегенмен, бұл істі сапалы атқару үшін білікті мамандар, заманауи техникалық құрал-жабдық, уақыт пен қаржылық мүмкіндіктер қажет.

YouTube-пен қатар жастар арасында аса танымал болған тағы бір платформа – Instagram. Бұл әлеуметтік желі бастапқыда сурет пен қысқа бейне алмасу алаңы ретінде пайда болса да, бүгінде діни-ағартушылық, соның ішінде исламдық онлайн білім берудің маңызды құралына айналды. Қазақстандағы көптеген ұстаздар мен исламдық академиялар Instagram-ды дәріс, хадис сабақтары, Құран тәджуиді бойынша қысқа видеолар, Reels форматындағы түсіндірмелер мен тікелей эфирлер өткізу үшін пайдаланады. Платформаның басты ерекшелігі – визуалды тартымдылығы және аудиториямен жылдам байланыс орнату мүмкіндігі. Сонымен бірге, Reels және Stories функциялары арқылы қысқа әрі мазмұнды исламдық сабақтар кең таралып, әсіресе Z және Alpha буын өкілдері үшін тиімді форматқа айналуда.

Елімізде Instagram-да онлайн исламдық білім беру платформа ретінде алға шыққан my_ustaz_academy-дің жұмыс істей бастағанына 1 жыл болса да, платформаға жазылғандар саны – 81,2 мың, орташа қаралым – 250 мың. Сол видеолардың ішінде ең көп қаралғаны исламтанушы, қауымдастырылған профессор Шәмшат Әділбаеваның «Бала табысты болсын десеңіз» 2,3 миллион қаралымға, бұл платформаның негізін қалаушы Малика Айтжанқызының «Бұл да-

уыс сіздің стрессіңізді басады» 1,1 миллион қаралымға, «97 жасқа келсе де, ақыл-есі нұрға толған» 686 мың қаралымға жеткен.

Ал «tajacademy» онлайн исламдық білім беру платформасының жұмыс істей бастағанына 1 жыл болса да, платформаға жазылғандар саны – 46 мың, орташа қаралымы – 200 мың. Негізін қалаушы исламтанушы, магистр Гульвира Ерданқызының «Шәууәл айы оразасының маңызы» 900 мыңға, «Шәууәл айында қарызымды өтемесем болама?» 824 мыңға, «Қабірде қойылатын сұрақтар 2» 322 мың қаралымға жеткен. Онлайн платформа арқылы 50 мың адамға Құран оқуды үйренген.

2023 жылы ашылған «hakk_academy» онлайн Құран және Алла Тағаланың 99 есімін жаттататын платформаға 35 мың адам тіркелген, орташа қаралымы – 100 мың. Instagram-да «Чем отличается?» атты Reels-сы 1 миллион қаралымға, «Қандай айырмашылық бар?» 638 мың қаралымға, «Қазақ халқы мұсылман» 200 мың қаралымға жеткен.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің жанында ашылған nacademy.kz онлайн исламдық білім беру платформасы Құран, араб тілі және шариғи ілімдерді үйретуде. Instagram-да тіркелушілер саны – 28 мың. Университеттің оқытушы құрамы берген пайдалы дәрістерді онлайн академиясына жүктеу арқылы 10 мың тұтынушы пайдалған.

Исламтанушы Төлеген Талдыбаевтың бастамасымен 2024 жылы ашылған «agartu.academy» онлайн

исламдық білім беру академиясының ресми Instagram парақшасына 27,2 мың адам тіркелген. Парақшада жарияланған «Ата-ананың дұғасы» атты Reels-сы 385 мың қаралым жинаған. Онлайн академия Құран жаттау мен тәжүид ережелерін үйретуге негізделген.

Мұсылман жамағатының ортасында исламтанушы, магистр Смагулов Нұржан терең білімімен, тағылымды уағызымен құрметке бөлінген. 2024 жылы «nurzhan_ustaz_online» атты онлайн ислам ілімдерін классикалық еңбектерге сүйену арқылы үйрету платформасын ашқан. Платформа негізінде ақида, фикһ, хадис, усуль фикһ және т.б. 50 пәнді оқытуда. Платформаға тіркелген адам саны 60 мыңнан асты, Instagram-да тіркелушілер саны –20 мың, ал «Сникерс жеп қойдым, ораза бұзылады ма?» атты Reels-сы 7,9 миллион қаралым жинаған.

Қазіргі заманның ақпараттық-коммуникациялық технологиялары білім беру жүйесінің барлық саласына ықпал етіп отыр. Соның ішінде исламдық білім беру үдерісі де цифрландыру үдерісінен тыс қалмай, жаңа мүмкіндіктер мен сын-тегеуріндерге жолықты [10: 7 б.]. Онлайн исламдық білім беру платформалары дәстүрлі медресе мен мешіт дәрістерін толықтырып қана қоймай, білім алушылардың кең ауқымына жетудің заманауи құралына айналды [11: 5 б.]. Дегенмен, мұндай тәжірибенің өзіне тән артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

1. Қолжетімділік факторы
Ислам дінінде білім алудың

парыздығы ерекше орын алады. Хадисте «Ілім іздеу – әрбір мұсылман еркекке де, әйелге де парыз» деп айтылған. Бұл қағида онлайн білім беру жүйесі арқылы жаңа деңгейде жүзеге асуда. Бұрын медреселерге немесе шетелдік діни орталықтарға баруға мүмкіндігі жоқ жандар бүгінде интернет арқылы дәрістер тыңдай алады.

Қазақстанда 2025 жылғы деректер бойынша халықтың 96%-ы интернет қолданады (Astana Times, 2025). Бұл көрсеткіш діни онлайн білім берудің әлеуетті аудиториясы өте ауқымды екенін дәлелдейді [12: 29 б.]. Әсіресе ауылдық аймақтардағы жастар мен жұмысбасты азаматтарға, сондай-ақ әйелдерге және мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы.

Ислам тарихында әйел ғалымдар да маңызды рөл атқарған [13: 155 б.]. Мысалы, Айша анамыздан (р.а.) жеткен хадистер саны 2000-нан асады. Қазіргі онлайн жүйе әйелдердің білім алудағы рөлін қайта жандандырып отыр.

2. Уақыт пен икемділік

Исламдық білім беру жүйесінде «тадриж» қағидасы бар, яғни білімді сатылап, біртіндеп үйрету. Онлайн жүйенің артықшылығы – әрбір студент өз кестесіне қарай сабақтарды реттей алады. Лекцияны тоқтатып қайта тыңдау немесе қажетті жерін жазып алу – үйренуді жеңілдетеді.

Бұл тәсіл дәстүрлі медреселердегі «сабақ қайталау» дәстүріне ұқсас, бірақ заманауи форматта әлдеқайда ыңғайлы. Мысалы, NM Academy немесе «Talim.kz» платформалары Құран тәжуиді мен хадис курстарын модульдерге бөліп ұсынады.

3. Масштабтылық пен шығынды азайту

Онлайн жүйенің тағы бір артықшылығы – білімді көпшілікке бір мезетте жеткізу мүмкіндігі. Бір ұстаздың дәрісін мыңдаған адам тыңдай алады [14: 63 б.]. Бұл «садақа» ұғымына сәйкес келеді, яғни пайдалы білім тарату арқылы үздіксіз сауап жинау.

Дәстүрлі медреселерде ғимарат пен ұстаздардың жалақысы сияқты шығындар мол. Ал онлайн курстар арзан әрі қолжетімді. Мысалы, бір курстың құны дәстүрлі оқу ақысынан 3–4 есе төмен болуы мүмкін.

4. Мультимедиялық мүмкіндіктер

Ислам ғылымдарын үйретуде мультимедиа құралдары үлкен рөл атқарады [15: 237 б.]. Құран оқуды үйрететін қосымшаларда әрбір аяттың аудиосы, транскрипциясы, тәпсірі беріледі. Бұл шәкіртке қырағатты дұрыс меңгеруге көмектеседі.

Дәстүрлі медреседе ұстаз шәкіртке әріптердің дұрыстығын жеке көрсетсе, онлайн форматта дыбыстық талдау мен визуалды анимация оны толықтыра алады. Бұл – исламдағы «тәбйин» (анық түсіндіру) қағидасының технологиялық жалғасы.

5. Қауымдастық және үммет бірлігі

Үммет ұғымы исламда айрықша маңызды. Онлайн білім беру жүйелері студенттерді чаттар, форумдар, тікелей эфирлер арқылы біріктіреді. Бұл ортада пікірталас, сұрақ-жауап жүріп, білім ұжымдық түрде игеріледі.

Бұл құбылыс дәстүрлі медреселердегі «халақа» тәжірибесін еске салады. Бұрын шәкірттер ұстазды ай-

нала отырып сұрақ қойса, қазір бұл WhatsApp, Telegram, Zoom сияқты платформаларда жалғасуда.

6. Мазмұнды жедел жаңарту

Ислам тарихында жаңа мәселелерге қатысты ижтиһад жасау ғалымдардың міндеті болған. Бүгінде онлайн жүйе бұл үдерісті жеделдетті. Мысалы, цифрлық қаржы, блокчейн, жасанды интеллект сияқты заманауи құбылыстарға қатысты пәтуалар әлеуметтік желілерде жарияланып, жамағатқа қолжетімді болып отыр.

Бұл білімнің заманауи өзектілігін арттырады. Дәстүрлі кітаптарда кездеспейтін жаңа тақырыптар онлайн курстардың күн тәртібіне енгізіліп келеді.

7. Халықаралық тәжірибе алмасу

Онлайн исламдық білімнің тағы бір артықшылығы – халықаралық интеграция. Қазақстандық шәкірттер Мысырдағы әл-Азхар университетінің немесе Түркиядағы Илаһият факультеттерінің онлайн дәрістерін тыңдай алады. Бұл білім сапасын көтеріп, түрлі мазхабтық және мәдени ерекшеліктерді танып білуге жол ашады.

Кемшіліктеріне тоқталатын болсақ:

1. Сапа мен легитимдік мәселесі

Исламда «иснад» қағидасы бар – білімді кімнен алғаның және ол ұстаздың білім тізбегі қайдан бастау алатыны маңызды. Онлайн кеңістікте мұны қадағалау қиын. Кейбір бейресми уағызшылардың радикалды идеяларды таратуы да қауіпті.

Қазақстанда ҚМДБ ресми онлайн платформаларды ашқанымен, TikTok, Instagram сияқты желілерде тәуелсіз «ұстаздардың» ықпалы жоғары. Бұл

діни білімнің сапасына күмән тудырады.

2. Ұстаз–шәкірт байланысының әлсіреуі

Дәстүрлі медреседе шәкірт ұстаздың қасында жүріп, мінез-құлқынан үлгі алады. Онлайн форматта бұл байланыс әлсірейді. Экран арқылы рухани ықпал толық жеткізілмейді.

Исламдағы «тәрбия» қағидасы – тек білім емес, мінез тәрбиесін қамтиды. Онлайн формат бұл процесті толық қамтамасыз ете алмайды.

3. Үзік-үзік білім алу қаупі

Әлеуметтік желілер алгоритмдері қысқа роликтерді алға шығарады. Бірақ ислам ғылымдары терең жүйелі білімді қажет етеді. Егер шәкірт тек қысқа видеолардан ақпарат алса, білім үстірт қалыптасады.

Мысалы, фикһ ілімі бірнеше жүздеген тақырыптан тұрады. Ал қысқа TikTok видеосы тек бір мәселеге ғана жауап береді. Бұл жүйеліліктің бұзылуына әкелуі мүмкін.

4. Цифрлық теңсіздік

Қазақстандағы интернет қолжетімділігі жоғары болғанымен, ауылдық жерлерде әлі де сапасы төмен. Смартфон немесе компьютердің болмауы кей азаматтардың толыққанды білім алуына кедергі жасайды.

Сонымен қатар, қазақ тіліндегі сапалы контент әлі де аз. Бұл мәселе исламдық білімнің ұлттық аудиторияға бейімделуін тежейді.

5. Назардың шашырауы және этикалық мәселелер

Онлайн оқуда студент жарнама, қажетсіз пікірталас немесе троллинг сияқты кедергілерге жиі тап болады. Бұл білімнің рухани ықпалын азайтады.

Исламда білім алу тек ақпарат алумен шектелмей, жүрек тәрбиесімен тығыз байланысты. Онлайн ортадағы артық факторлар бұл процеске кедергі келтіреді.

6. Құқықтық және институционалдық шектеулер

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы діни қызметті белгілі бір тәртіппен жүргізуді міндеттейді. Бірақ онлайн кеңістікте бұл талапты қадағалау қиын.

Ресми тіркелмеген онлайн курстар заңсыз миссионерлікке айналып кету қаупі бар. Бұл мәселе мемлекет пен діни басқарманың қатаң бақылауын қажет етеді.

7. Академиялық адалдық мәселесі

Онлайн тестілеуде студенттің плагиат жасауы немесе дайын жауап қолдануы жиі кездеседі. Бұл исламдағы «аманат» қағидасына қайшы келеді. Академиялық адалдықтың бұзылуы білім сапасын төмендетуі мүмкін.

8. Тәжірибелік дағдылардың жетіспеушілігі

Исламдық білім тек теориядан тұрмайды. Құран қырағаты, намаз қимылдары, тәжүид ережелері ұстаздың тікелей бақылауын қажет етеді. Онлайн ортада ұстаз шәкірттің қателігін толық көре алмайды.

Мысалы, «мәқра» (қырағат үйрену) кезінде дыбыстардың дәлдігін тек көзбе-көз тексеру тиімді. Онлайн жүйеде бұл шектеулі.

9. Психологиялық және әлеуметтік факторлар

Кейбір шәкірттер жалғыз отырып онлайн оқығандықтан, мотивациясы

төмендеуі мүмкін. Дәстүрлі медреседе жамағатпен бірге оқу ынтаны күшейтсе, онлайн оқуда бұл орта жетіспейді.

Қорытынды мен тұжырымдама

Қазақстандағы исламдық онлайн білім беру жүйесі қазіргі заманның сұраныстарына жауап беретін жаңа формациядағы діни-ағартушылық алаңға айналды. Ақпараттық технологиялар дамыған сайын дәстүрлі діни білім беру орталықтарының қасына қосымша балама жүйелер пайда болып, кең аудиторияға жету мүмкіндігі артып отыр. Бұл үрдіс әсіресе жастар арасында кең қолданыс табуда, өйткені олардың басым бөлігі күнделікті өмірін әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларға арқа сүйеп өткізеді.

Онлайн жүйе сонымен қатар әйелдерге, мүмкіндігі шектеулі жан-дарға және шалғай өңір тұрғындарына білім алуға жаңа жол ашты. Бұл әлеуметтік тұрғыдан әділеттілікті қамтамасыз етіп, қоғамдағы рухани инклюзияны нығайтады. Құран оқу, хадис ілімі, фикһ және ислам этикасы секілді пәндер бұрын тек медресе қабырғасында оқытылса, қазір кез келген азаматқа қолжетімді болып отыр.

Алайда артықшылықтарымен бірге кемшіліктердің де бары анық. Легитимділік пен сапаны бақылау, ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани байланыстың әлсіреуі, қазақ тіліндегі контент тапшылығы және цифрлық теңсіздік сияқты мәселелер жүйелі шешімді қажет етеді. Сонымен қатар, радикалды немесе сенімсіз дереккөздердің таралу қаупі мем-

лекеттік және діни институттардың қадағалауын күшейтуді талап етеді.

Жалпы алғанда, исламдық онлайн білім беру жүйесі дәстүрлі ілімді толық алмастыра алмайды, бірақ оны толықтырушы маңызды құрал ретінде қарастыруға болады. Дұрыс бағытталған жағдайда ол қоғамдағы діни сауаттылықты арттырып, жастардың рухани тәрбиесіне оң ықпал ете алады.

Тұжырымдама

1. Онлайн білім беру – дәстүрлі ислам ілімінің жалғасы. Ол классикалық медреселердің орнын баспайды, бірақ заманауи қоғамға бейімделген қосымша арна ретінде маңызды.

2. Қолжетімділік пен икемділік басты артықшылық. Шалғайдағы азаматтар, жұмысбасты жастар, әйелдер мен ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға діни білімді қолжетімді етеді.

3. Сапа мен қауіпсіздік қадағалауды қажет етеді. Әрбір онлайн

курс пен ұстаздың діни легитимділігі ҚМДБ тарапынан бекітіліп, ресми тізімге енгізілуі тиіс.

4. Ұлттық тілдегі контентті көбейту – басым бағыт. Қазақ тілінде сапалы онлайн сабақтар ұсыну қазақстандық аудитория үшін аса қажет.

5. Мемлекет, діни басқарма және цифрлық қоғамның ынтымақтастығы. Бұл жүйені тұрақты дамыту үшін құқықтық, институционалдық және техникалық негіздерді үйлестіру қажет.

6. Жастардың сұранысына бейімделу. Миллениалдар мен Z буынының сандық мәдениетіне сай жаңа әдістер қолданып, қысқа форматтағы, мультимедиялық курстар әзірлеу маңызды.

Осылайша, исламдық онлайн білім беру Қазақстандағы рухани-ағартушылық кеңістікті жаңа деңгейге көтеріп, дәстүрлі діни білім беру жүйесінің тиімді толықтырушысы болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Mareen, W., Tobias, W., Hiep, H. (2024). Design principles for e-learning platforms featuring higher-education students' enterprise systems end-user training. *Discover Education*, 3(82), 18. <https://doi.org/10.1007/s44217-024-00165-z>

2. Қазақстан Республикасының Заңы. (2011). Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы (11 қазан 2011 ж. № 483-IV). Астана: ҚР Парламенті, 2.

3. Farhan, A., Waleed, S. (2023). Digital Platforms and the Improvement of Learning Outcomes: Evidence Extracted from Meta-Analysis. *Sustainability*, 15, 3. <https://doi.org/10.3390/su15021305>

4. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы. (2022). Қазақстандағы діни білім беру тұжырымдамасы. Алматы: ҚМДБ баспа бөлімі, 15.

5. Бекенова, Ж., Мейрбаев, Б., Амиркулова, Ж. (2023). Цифрлық трансформация аясындағы ғылыми этика// *Хабаршы журналы, философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы* №1(83), 4. <https://doi.org/10.26577/jpcp.2023.v.83.i1.2>

6. Erwin, J. (2019). Millennials and digital religion: The shift from tradition to technology. *Religion and Media Review*, 4(2), 109.

7. Мейрбаев, Б., Тұмашбай, Т., Мәжінбеков, С., Аманқұл, Т. (2025). Ұрпақ уақыты:

салыстырмалы трендтер және трансформациялар. Хабаршы журналы, философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы №1(91), 8. <https://doi.org/10.26577/jpcp20259112>

8. Тағанұлы, Н. (2018). Ислам дағуатының негіздері мен әдістері. Алматы: Дәуір, 26.

9. Сердалина, А. (2023). TikTok алаңындағы имамдардың насихат тәжірибесі. Әлеуметтік ғылымдар және дін, 2(18), 39.

10. Өтпенев, Б. (2023). Діни дискурстағы дағуаттың ерекшеліктері. Вестник Религия, 1(37), 7.

11. Ahmed, A. (2016–2017). Digital Da'wah: The role of new media in Islamic propagation. *Journal of Islamic Studies*, 12(3), 5.

12. Назарбек, А. (2022). Заманауи медиа және ислам насихаты. Дінтану журналы, 4(12), 29.

13. Шаповал, А. (2023). Әлеуметтік желілердегі діни коммуникация. Әлеуметтану зерттеулері, 3(25), 155.

14. Мыңжасар, Қ. (2022). Цифрлық платформалардағы діни дискурс. Қоғам және дін, 1(7), 63.

15. Muhammad, R. (2020). Social media and Islamic preaching: Opportunities and challenges. *International Journal of Islamic Thought*, 5(2), 237.

REFERENCES

1. Mareen, W., Tobias, W., & Hiep, H. (2024). Design principles for e-learning platforms featuring higher-education students' enterprise systems end-user training. *Discover Education*, 3(82), 18. <https://doi.org/10.1007/s44217-024-00165-z>

2. Republic of Kazakhstan Law. (2011). On Religious Activity and Religious Associations (October 11, 2011 No. 483-IV). Astana: Parliament of the Republic of Kazakhstan, p. 2.

3. Farhan, A., & Waleed, S. (2023). Digital platforms and the improvement of learning outcomes: Evidence extracted from a meta-analysis. *Sustainability*, 15, 3. <https://doi.org/10.3390/su15021305>

4. Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan (SAMK). (2022). Concept of Religious Education in Kazakhstan. Алматы: SAMK Publishing Department, p. 15.

5. Bekenova, Zh., Meirbayev, B., & Amirkulova, Zh. (2023). Scientific ethics in the context of digital transformation. *Bulletin. Series of Philosophy, Cultural Studies and Political Science*, 1(83), 4. <https://doi.org/10.26577/jpcp.2023.v.83.i1.2>

6. Erwin, J. (2019). Millennials and digital religion: The shift from tradition to technology. *Religion and Media Review*, 4(2), 109.

7. Meirbayev, B., Tumashbay, T., Mazhinbekov, S., & Amankul, T. (2025). Generation time: Comparative trends and transformations. *Bulletin. Series of Philosophy, Cultural Studies and Political Science*, 1(91), 8. <https://doi.org/10.26577/jpcp20259112>

8. Тағанұлы, Н. (2018). Foundations and Methods of Islamic Da'wah. Алматы: Daur, p. 26.

9. Serdalina, A. (2023). The preaching practices of imams on the TikTok platform. *Social Sciences and Religion*, 2(18), 39.

10. Өтпенев, В. (2023). Features of da'wah in religious discourse. *Vestnik Religiya*, 1(37), 7.

11. Ahmed, A. (2016–2017). Digital Da'wah: The role of new media in Islamic propagation. *Journal of Islamic Studies*, 12(3), 5.
12. Nazarbek, A. (2022). Modern media and Islamic preaching. *Journal of Religious Studies*, 4(12), 29.
13. Shapoval, A. (2023). Religious communication in social networks. *Sociological Research*, 3(25), 155.
14. Mynzhasar, K. (2022). Religious discourse on digital platforms. *Society and Religion*, 1(7), 63.
15. Muhammad, R. (2020). Social media and Islamic preaching: Opportunities and challenges. *International Journal of Islamic Thought*, 5(2), 237.

Авторлар туралы мәліметтер:

Әділбаев Алау Шайқымұлы – PhD доктор, қауымдастырылған профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, (Алматы, Қазақстан, e-mail: adilbayev@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0002-3389-5640>).

Елдесбай Аманат Тұрсынбекұлы – PhD докторант, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, (Алматы, Қазақстан, e-mail: amanatyeldesbay@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-4827-6626>).

معلومات عن المؤلفين :

عادل باييف أولوشايكيموفيتش – أستاذ مشارك (دوسنت)، جامعة نور-مبارك المصرية للثقافة الإسلامية، ألماتي، كازاخستان،
e-mail: adilbayev@gmail.com. (ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0002-3389-5640>)

أمانات يلدس باي تورسينبيك أوغلي – طالب دكتوراه، جامعة نور-مبارك المصرية للثقافة الإسلامية، ألماتي، كازاخستان،
e-mail: amanatyeldesbay@gmail.com. <https://orcid.org/0000-0002-4827-6626> ORCID ID